

Жамағат жиылып тұрғызған



М Е Ш І Т

Жаратушыны тану үшін жаратылғандарға ой жүгіртіндер.
Мұхаммед (с.ғ.с.)
 хадисінен

Сонау тоқсаныншы жылдары демократияның лебі есіп, әр ұлт жоғын түгендей бастады.

Сол жылдары республикамыздың түкпір-түкпірінде мұсылман қауымы тәу ететін имандылық ошақтары-мешіт ғимараттары бой көтерді.

100 мыңнан астам халық тұратын Екібастұз қаласында да мұсылман қауым ғибадат ететін жаңа мешіт салу қажеттігі туындаған еді.

1990 жылы қаланың беделді ақсақалдары жиналып, өзара ақылдасады.

“Жақсылықтың жаршысындай болған жаңа заман біздің дінімізге жол ашты. Аллаға шүкір, “Дін-ашыян” деп ұрандатқандардың жалауы түсірілді. Біздің де күніміз туды. Мұсылманы көп қалада Аллаға мінәжат ететін мешіттің болмауы азаматтығымызға сын емес пе? Ендеше бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, мешіт құрылысын қолға алатын кез жетті” деген байламға келеді қаланың игі жақсылары.

Әйтсе де жаңа мешіт салу айтар ауызға оңай болғанымен, машақаты да жетерлік екен. Сұрастыра келсе, Алла-



Ысқақ қажы



Құлмұхаммед қажы



Арғын қажы



Қайролта қажы

бірінші хатшысы Третьяков мешіт құрылысына қаржылай көмектесуді тапсырады.

Сол арада “Көмірөндірісі бірлестігінің” директоры Каландрашвили ақшалай 30 мың, сонымен бірге 20 мың сомға материалдық көмек беруге келіседі. МАЭС-тің сол кездегі басшысы Шукин де кәсіподақпен келісіп, осы мақсатқа қомақты қаржы бөледі.

1990 жылдың көктемінде ақсақалдардың мұрындық болуымен Киров пен Калинин көшесінің қиылысында құрылысшылар қолдарындағы карта, компаспен құбыланы табады, сөйтіп мешіттің алғашқы қазығы қағылады.

Белгіленген жерді қалалық әскери комиссариаттан жеткізілген плиталармен қоршайды. Қызу қарқын алған мешіттің құрылысына көптеген азаматтар қол ұшын береді. Шәріпов өз қаражатына мешіттің күмбезін, Райс Гайнулин трансформатор моторын орнатады. Ағайынды Тасболат, Бекболат Әбугожиновтар да құрылысқа қажетті материалдармен қамтамасыз етеді. Совет Келдібаев үнемі құрылыс басынан табылады. Шағнахметов Мунир деген азамат құрылыстың прорабы ретінде жауапкершілікті өз мойнына алады.

Мешіт ғимаратын салып жатқан кезде небір келеңсіз оқиғалар да орын алды. Өз пайдасын көздеген қайсыбіреулер ескі материалдарын бізге өткізуге тырысты. Бірде құрылыс басына

Арбиевпен тіл табысқан Құлмұхаммед жергілікті сәулетші Жеңіс Хайдаровтың жасаған жобасымен жаңа мешіттің құрылысын қолға алады.

1998 жылы 11 қыркүйекте Екібастұз қаласында жаңа мешіттің салтанатты ашылуы өтеді. Салтанатты шараға Бас мұфти Рәтбек қажы қатысып, уағыз айтып, халыққа батасын береді.

Құлмұхаммед 2000 жылдың жазында Алматы қаласындағы орталық мешітке бас имам болып тағайындалады.

2000 жылдан 2007 жылдың қыркүйек айына дейін мешітте Арғын Бабылбектегі имам болып жұмыс істеді. Арғын Әлдебекұлы жұмыс істеген уақытта ескі мешітті жөндеуден өткізіп, оны көпшілік ас беретін асхана етіп жабдықтайды. Арғынның өтінішімен Екібастұздағы Қазақстан теміржол бөлімшелерінің басшылары бірігіп, мешіттің төбесін жабуға көмектеседі.

Арғын Әлдебекұлы қызмет істеген тұста жеке кәсіпкер Аман қажы Жақсылықов өз қаражатына мешіттің әйел және ер адамдар дәрет алатын дәретханасын толық жөндеуді

ның үйін салуға жергілікті биліктің құзыры жетпейтін көрінеді. Ақсақалдардың бұйымтайын жеткізген Ысқақ Ситдиқов, Бәйсен Сүтжанов, Қасым атаға:

-Біз сіздерге көмектесуге әзірміз. Әйтсе де бізге орталықтың рұқсаты керек,-дейді сол кездегі қалалық партия комитетінің хатшысы Третьяков мырза.

"Жазған құлда шаршау бар ма", ақсақалдар ақылдаса келе, Мәскеуге Екібастұз қаласында мешіт құрылысын салуға рұқсат сұрап, арнайы хат жолдайды.

1990 жылы 10 мамырда облыстық партия комитетінің дін және мәдениет бөлімінің меңгерушісі Ғазиз Қожашев Павлодардан арнайы хабарласып, орталықтан мешіт салуға рұқсат берілгендігі жөнінде сүйіншілеп, хатты ақсақалдарға тапсырады.

Орталықтың келісімін алғаннан кейін халқының басым көпшілігін өзге ұлт өкілдері құрайтын Екібастұз қаласында мешіт құрылысы қолға алынады.

Ақсақалдарды алдымен "Мешіттің орны қай жерде болу керек?" деген мәселе толғандырады. Сол кездегі қаланың бас сәулетшісі Ж.Хайдаровқа Социалистік Еңбек Ері, аузы дуалы, көреген ақсақал Бәйсен Сүтжанов "Мешітті Киров-Калинин /қазіргі Торайғыров-Беркімбаев/ көшелерінің қиылысына салған жөн. Біріншіден, ол тұс қаланың ең биік жері, екіншіден, адамдарға мәйітті мешіт арқылы шығару үшін сол жер қолайлы" деп ақыл қосады. Жәніс Хайдарұлы Бәйсен ақсақалдың уәжіне тоқтады.

Екібастұздық ақсақалдардың мешіт саламыз деген ниетін Алматыдағы мұсылмандар діни басқармасының бас мүфти Рәтбек қажы да қуана құптайды. "Сіздер мешіт құрылысын бастамас бұрын бала мешіт салыңыздар, кейін шағын мешіт те қажеттеріңізге жарайды" деп кеңес береді бас мүфти.

Рәтбек қажының сөзіне құлақ асқан ақсақалдар Екібастұзға келген соң, бала мешіттің құрылысына бел шеше кіріседі.

Мешіт құрылысына кіріспес бұрын осы істің басы-қасында жүретін әрі ертеңгі күні мешітке не болатын имамды сайлау қажет еді.

Ақсақалдар ақылдаса келе мұсылмандарға айт намаздарын, оразада тарауих намазын оқытып жүрген, арабша білімі жетік Ысқақ қажы Ситдиқовке қолқа салады.

-Менің арнаулы білімім жоқ. Имамдық қызметке медресе, одан да жоғары оқу орнын бітірген жастарды тартқанымыз жөн ғой,-деген Ысқақ қажының сөзіне ақсақалдар:

-Сенің мұсылманша білімің бар. Бізге мешітті ашуға көмектес. Кейінгісін көре жатармыз,-дейді өтініп.

Орталық рұқсат берді, имам сайланды, ендігі мәселе мешіт құрылысына қаражат жинауға тіреледі.

Жұма намазының бірінде ақсақалдар жағымды хабарды халыққа жеткізеді. Әйтсе де бұл істі бастау үшін қаржы тапшылығы қол байлау болып тұр дегенді естігенде, жиналған қауым бірауыздан көмек көрсетуге әзір екенін білдіреді. Зейнеткерлер өз еркімен зейнетақыларын ортаға салады. Бірінші болып Ғабдулла ақсақал 120 сом ақша береді. Мешітке өз ықыласымен ақша әкелген адамдарда есеп болмайды. Ысқақ қажының айтуынша, сол уақытта қала тұрғындарынан 280 мың сомнан астам қаражат жиналған.

Мешіттің жұмысына ақыл-кеңес беру және қаржының орынды жұмсалуды қадағалау мақсатында ақсақал-

дар алқасы құрылады. Мешіттің алқа мүшелерінің құрамына: Құдайберген Тезекбаев-тексеру комиссиясының төрағасы, Бәйсен Сүтжанов, Банзрахман, Шайахмет, Бектұрған, Қарабек мұғалім, Жұмаш Шорныбаев, Егінбай Самарханов, Қайса, Ғайнулла, Жұмаш Түкенов, Төлеш Көпешов, Сыздық Фазылов, Сейсен ақсақал кіреді.

-Ілгеріде, мешіт ашылғанға дейін біздің қалада дінге жетік, шарият-уағызды келістіріп әңгімелейтін тақуа, діндар ғалым-моллалар көп кездесетін. Солардың бірі-өмірінде дүкеннен ет сатып алып жемеген Шәріп молда, Сұлтанмахмұт Торайғыров қайтыс болғанда басы-қасында болып, құран оқып, иман айтып, ақырғы сапарға шығарып салған Әшім молда, асыл дінімізді уағыздап, сол үшін сотталған Қуанбай молда, құранды бір жұманың ішінде аударған, үлкен ғалым Момын молда, өмір бойы ислам дініне қызмет еткен Сейсен молда, қайтыс болған адамды оң жаққа қою, ақырғы сапарға шығарып салу рәсімдерін күн, түн демей орындаған Ақболат молда.

Асыл дінімізді насихаттауға үлес қосқан адамдардың қатарында аналарымыз да бар. Ол-халық "Бауке" деп атап кеткен Мәрияш Бектемірова қажының анасы Әмина апамыз. Әмина анамыз намазды ерте жасынан оқыған.

Кеңестер Одағы кезінде қанатымен су сепкен қарнығаштай халықты дінсіздіктен қорғаған ақсақалдарымыз мен аналарымыз имандылықтың ұйытқысы болды. Біз олардың есімін ұмытпауымыз керек,-дейді Ысқақ қажы өткен күндердің тұңғығына көз жіберіп.

Мешіттің жаңадан бекітілген имамы Ысқақ қажы және өзге де ақсақалдар қалалық партия комитетінің бірінші хатшысының қабылдауына кіреді. Мәскеуден келген арнайы бұйрық бар, кабинетінде отырған кәсіпорын басшыларына жағдайды түсіндірген қалалық партия комитетінің

екі жүк машинаға тиелген кірпіштерді әкелді. Кірпіштерді түсіріп жатып, қарасақ, бәрінің шеті сынған, аمانы жоқ. Сынық кірпіштерді қалай қалаймыз? Бізге ол кірпіштерден бас тартуға тура келді. Бірде мешіт құрылысына деп жіберілген кірпіштеріміз алғашқы жаңбырда-ақ бордай езіліп, қалауға жарамай қалды. Әуелде қалыпқа салғанда, технологиясы дұрыс сақталмаған ғой. Біздің кері қайтарғанымыз кейбіреулерге ұнамады, әңгіменің бір шеті Алматыдағы Рәтбек қажыға дейін жетіп, онда мені орнымда қалдыру-қалдырмау мәселесіне дейін қаралған,-дейді Ысқақ қажы мешіт құрылысын салу кезіндегі кейбір қиындықтарға тоқталып.

1991 жылы 14 наурызда мешіт құрылысы аяқталып, үлкен той болады. Тойда Алматыдан жеткізілген жүз құран кітабы халыққа таратылады.

Екі жылдай мешітке бас имам болған Ысқақ қажының орнына 1992 жылы оқу бітіріп келген Насрулла атты жас имам келеді. Ысқақ қажы найб имамның қызметін атқарады. Біраз уақыт өткен соң Насрулланы Мұрат атты имам ауыстырады.

Мешіт құрылысының дамуына Мұрат та өлшеусіз еңбек сіңіреді.

Ысқақ қажының айтуынша, Құлмұхаммед қажы Маханбеттегі мешіт тізгінін ұстағаннан кейін, осы бағыттағы жұмыс алға басқан. Самарқанда жоғары діни оқуды тәмамдаған Құлмұхаммед білімімен, адамгершілігімен жергілікті тұрғындардың көңілінен шыға біледі.

Имам Мұраттың көмекшісі-найб Құлмұхаммедке 1995 жылы 2 қазанда үлкен сенім көрсетіліп, Алматы мұсылмандар басқарамасының бұйрығымен Екібастұз мұсылмандар мешітіне имам болып бекітіледі. Құлмұхаммед уақытты ұтымды пайдаланып, бірден жаңа мешіттің құрылысына кіріседі. Қаланың айтулы азаматтары да оны білімді, иман-жүзді, кішіпейіл азамат ретінде таниды. Сол кездегі қала әкімі Елтай

деректерінен толық жолдуден өткізеді.

2007 жылдың 11 қыркүйегінен бері Хайролла қажы Әбілдабекұлы мешіттің бас имамы. Соңғы бір жылда Алматы қаласы мешітінің бас имамы Құлмұхаммед қажы, "Нұр-Отан" партиясы "Бүркіт" ФПК бас директоры Елтай Арбиев, қала әкімі Н.А.Нәбиев мешіт құрылысына назар аударып, қайта жөндеуден өткізді. "Жақсының жақсылығын айт" демекші, мешіттің қазіргі талапқа сай көріктендірілуінде Елтай Арбиевтің еңбегі зор. Елтай Төлеубайұлы мешіттің ішін, сыртқы қоршауын және асхананы өз қаражатына жөндеді. Сонымен бірге жылу құбырлары жаңартылып, тұрақ кеңейтілді, көгалдандырылып, аулаға қима тас төселді. Есік-терезелері пластикке ауыстырылып, әйелдер намаз оқитын жер кеңейтілді. Арнайы құран оқитын бөлме жасалып, ер және әйелдерге арналған арнайы құран курс бөлмесі ашылды, мешіт ауласында мәйітке жаназа шығаратын орын дайындалды.

Мешіттің он жылдық мерейтойы қарсаңында қала әкімі Нұрлан Абзалұлы Нәбиев Алланың жердегі үйіне келіп, атқарылған жұмыстармен танысты. Мұнда ішкі жөндеу жұмыстары толық аяқталыпты. Біз барғанда мешіт ауласын көріктендіру жұмыстары жүргізіліп жатыр екен.

Қорыта айтқанда, бүгінде имандылық ордасы болып табылатын қалалық мешіт кезінде тілегі бір, ниеті таза мұсылман қауымды бір мүддеге түйістіріп, игі іске жұмылдырған еді.

Дария ЕРТАЙҚЫЗЫ